

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті

МЕДИЦИНА ФАКУЛЬТЕТІ

«КЕЛІСЕМІН»

Медицина факультетінің
бас хатшысы


«30» 05 2025 ж. А.С.Бабаяева

«БЕКІТЕМІН»

Медицина факультетінің
деканы


«30» 05 2025 ж. Т.О.Нускабаева

2024-2025 оқу жылы «Ішкі аурулар» кафедрасында атқарылған
тәрбие жұмыстарының жылдық

ЕСЕБІ

Күрсы III


Жетекшілік топтары: ЖМ-201-212

ОМ-213-217

Аға тәлімгер: аға оқытушы А.А. Абласанов

Кафедра мәжілісінде қаралып,
№ 14 хаттамасымен бекітілді.
«Ішкі аурулар»

кафедрасының меңгерушісі


«28» 05 2025ж. Л.Т.Алимбекова

2024-2025 оқу жылында қыркүйек айында «Ішкі аурулар» кафедрасына эдвайзерлік ету мақсатында 3-курс ЖМ 201-212, 3-курс ОМ 213-217 топтары деканат тарапынан беріліп, бекітілген болатын. Тәлімгерлік топтарға арнап тәрбие жұмысының жұмыс жоспары жасалып және әр топтарға тәлімгерлер тағайындалды.

**2024- 2025 оқу жылы «Ішкі аурулар» кафедрасы тәлімгерлерінің
3-ші курс топ студенттерімен тәрбие сағатын өткізу кестесі**

№	Тәлімгерлердің аты-жөні	Топ	Курсы	Әр айдың 2-ші және 4-ші Дүйсенбі	Әр айдың 2-ші және 4-ші Сейсенбі	Әр айдың 2-ші және 4-ші Сәрсенбі	Әр айдың 2-ші және 4-ші Бейсенбі	Әр айдың 2-ші және 4-ші Жұма	Ескертулер
1	Абласанов А.А.	201 202 203	3	17.00-18.00					Сабақ кестесіне байланысты өтілу уақыты өзгеруі мүмкін
2	Әзімханова Г.К.	204 205 206	3		17.00-18.00				
3	Нурманова Н.Ж.	207 208 209	3			17.00-18.00			
4	Танирбергенова С.Б.	210 211 212	3				17.00-18.00		
5	Иззатуллаева Г.А.	213 214 215	3					17.00-18.00	
6	Майлыкараева А.А.	216 217	3	17.00-18.00					

Тәлімгерлік топтардағы тәрбие жұмыстары оқу жылдың басында бекітілген жылдық жоспарға сәйкес жұмыс жүргізілді. Тәлімгерлер тәрбие сағаттарын жоспарға сәйкес өткізіп отырды. Әр топ тәлімгері тәжірибелік сабақтарында және өз топтарында тәлімгерлік жетекшілік жұмысын атқарды. Оқу жылының басында студенттердің тұрмыстық жағдайымен, жатақханамен қамтамасыз етілуін қадағалап, ай сайынғы сабақ үлгерімін бақылады.

Кафедраның аға тәлімгері ретінде оқытушы Абласанов А.А. тағайындалды.

Оқу жылының бірінші жылдығында студенттермен жүргізілген кураторлық жұмыс кафедра және факультет деңгейінде бекітілген жоспар бойынша жүргізілді.

Қыркүйек айында тәлімгерлік тәрбие сағатында топ студенттерінің әрқайсысынан мәлімет жинап, тәлімгер журналын дайындап, электронды мәлімет базасына енгізді, сонымен бірге студенттердің қоғамдық жұмыс міндеттерін бөлді, медициналық тексеруден өтуін қадағалап, санитарлық кітапшаларын тексерді, шетелден келген студенттердің жатақхана мәселелерін шешу, студенттердің университет Жарғысымен Ережелерімен таныстыру мәселелері талқыланды. Сонымен қатар, топ студенттерін әр тәлімгер, кафедра меңгерушісінің

басшылығымен «Оқу процесін ұйымдастыру» регламентімен және Ар-намыс кодексімен қосымша емтихан қабылдау ережесімен, GPA баллмен, Аралық Аттестациялау ережесімен таныстырылды, Шетелден келген студенттердің жатақхана мәселелерін шешу және жатақхана ережесімен студенттерді университет Жарғысымен, Ережелерімен және ішкі тәртіп Ережесімен таныстыру мәселелері талқыланды.

2024 жылдың қыркүйек айында «Ішкі аурулар» кафедрасына қарасты 3 курс студенттері арасында жатақханада жататын студенттер туралы мәліметтер жиналып деканатқа, оқу бөліміне тапсырылды. Тәлімгерлік топтардағы тұл және жартылай жетім студенттер жайлы, діни атрибуттар қолданатын студенттер туралы мәліметтер жиналды.

Топ тәлімгерлері өз студенттерінің флюорографиядан өтуін қадағалады. Барлық топ студенттері тексеруден түгел өтті. Тәлімгерлер тәрбие сағаттарын жоспарға сәйкес өткізді.

Жарты жыл ішінде үлгерімі нашар және себепсіз сабақты көп жіберген студенттер кафедра мәжілісінде шақырылып, ата-анасына балаларының сабаққа үлгерімі жайлы мәлімдеме жіберілу сияқты жұмыстар атқарылып отырды.

Ай сайын кафедра мәжілісінде тәрбие жұмысының мәселелері, сабаққа қатысу мен сабақ үлгерімдері қаралып отырылды. Тәлімгерлік жұмысқа талдау жасау барысында тәлімгерлердің атқарған тәлімгерлік жұмыстарын атап айту керек. Студенттердің 1-қыркүйек Білім күні мерекесіне арналған іс шараға қатысуын қадағалады. Сонымен қатар, 29 қазан күні Түркия Республикасының Ұлттық мейрамы «Республика күні» мерекесіне студенттер салтанатты кешке қатысты.

- 1) Қыркүйек айында «1-Қыркүйек білім күні» мерекеге байланысты әр топта баяндама жасалды.



- 2) 29-қыркүйек «Еңбек күні» мерекесі күнін қарсы алу күніне орай аға тәлімгер Танирбергенова С.Б., ардагер ұстаздарымызбен, ЖМ-210-211-212 кураторлық топтармен тәрбие сағаттарын өткізді.



- 3) 2024 Жылы 2 қыркүйектегі Халыққа жолдауы кезінде Қ.К.Тоқаев референдумының 6 қазанда өтетінін жариялады президент Қ.К.Тоқаев. АЭС салу мәселесі бойынша референдум өткізу қоғамда бір жылдан бері талқыланып жатқанын айтып, бұл азаматтардың жан жақты ойланып, салмақты шешім қабылдауына жеткілікті мерзім, деді. Қазіргі кезде әлемнің дамыған және дамушы 30 елінде жиынтығы 200-ге жуық АЭС барын айтқан президент, бұл қуат көзі ел экономикасының ұлғайып бара жатқан қажетін елеулі дәрежеде өтейді. Аға тәлімгер Абласанов А.А. 3 курс студенттеріне жолдауды насихаттап түсіндірді.





- 1) «Табиғатты аялау адамзат парызы» атты тәлімгер сағатын Иззатуллаева Гульмира Айтметовна ОМ-213 тобына жүргізді.






«Сыбайлас жемқорлыққа қарсымыз атты» тақырыбында тәрбие сағатын А.А.Абласанов 3 курс ММ-202 топ білімгерлеріне өткізді.



Түсініктеме: Студенттер арасындағы 2023-2024 жылға қарағанда 2024-2025 оқу жылының жылдығында тәлімгерлік топ студенттердің арасында тәртіп бұзушылық болған жоқ.



2024-2025 оқу жылында 6 тәлімгерге 17 топ бөлінді.

2024-2025 оқу жылының тәрбие жұмыстарының жылдық есебін талдау нәтижесі. Кафедрадағы топ тәлімгерлерінің жүргізген тәрбие жұмыстары қанағаттанарлық дәрежеде. Тәрбие сағаттары тәлімгерлік топтармен кесте бойынша өткізілген. Тәлімгерлік топтарда тәртіп бұзушылық болдырмау мақсатында топ тәлімгеріне қосымша тәрбиелік жұмыстар, сабақ жіберген студенттеріне сабаққа уақытылы келуін және үлгерімін қамтамасыз етіп, берілген тапсырмалар уақытылы орындалған.

Аға тәлімгер:

 Абласпов А.А.